

Коммуникативтік дәғдиларды дамыту дәғдисы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

Білім беру үйімі: МҚҚҚ №8 «Болашақ» бобекжай-бакшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортағы, ересек тобы «Смешарики»

Жоспардың құрылу кезеңі: 1-апта, 30 қыркүйек-04 қазан 2024 жыл

Тәуелсіздік және отансыздық айы

Апта дәйексөзі: «Ел-жұртынның бақыты аталатын, сонбасін мәңгі сенің, Отан, атың!»

Тексерген менгеруші:



Левченко И.Г.

Дүйсенбі 30.09.2024 жыл	Сейсенбі 01.10.2024 жыл	Сәрсенбі 02.10.2024 жыл	Бейсенбі 03.10.2024 жыл	Жұма 04.10.2024 жыл
<p>Уақыты: ортанғы тобы «Бізге көлік қалай және кандай көмек көрсетеді?» Максаты: көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету Максаты: Тілдік дамытушы орта. ғ, р, з, дыбыстарын естүі бойынша ажыратуға және анық айтуға тіл ұстарту жаттығулары Fa – fa – fa, Шомыламыз сұға. Fай – гай – гай, Жарқылдайды найзағай Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз Рак – рак – рак, Саулайды жапырақ Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p>			<p>Уақыты: ересек тобы Сүйікті ойыншықтар (ойыншықтар туралы әңгіме құрау). Максаты: ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету, дыбыс артикуляциясын нақтыладап бекіту, «ң» дыбысын дұрыс айтуда жаттықтыру Тілдік дамытушы орта. Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та қүлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Ойыншықтар неден жасалады?» Әр ойыншыққа сипаттама береді, ойыншықтардың материалдарына талдау</p>	

Қазақ тіліндегі сөздер
мен сөйлемдердің түсініп
және күнделікті өмірде
қолдана білуғе үйрету.

Сөздік кор.

«Бұл қандай көлік»
сұрап-жауап айдары
Суреттер арқылы көлік
түрлеріне талқылау
жасайды

**Тілдің грамматикалық
құрылымы.**

«Көлік атауларын дұрыс
атаймыз» дыбыстарды
дұрыс айтуда үйрету.

**Байланыстырып
сөйлеу.**

Суреттерге жағдаяттық
суреттерге қарап
сөйлемдер құрайды.

Күтілетін нәтиже: күлік
түрлерінің қажеттілігін
біледі, әр көліктің
қызметін ажыратады.

жасайды.

Сөздік кор.

«Бұл қандай
оыйнышық?»

Ойын шарты: Балалар
көп ойыншықтардың
арасынан допты,
куыршакты және керікті
табу, оларды сипаттау,
доп домалак, түсі
көк, шарға ұксайды. Жеке
жұмысты қажет ететін
балалардан сүйікті
ойыншықтарын сұрау.
Балалар үlestірмелі
материалдармен жұмыс
жасайды.

**Тілдің грамматикалық
құрылымы.**

«Ойыншықтар әлеміне
саыхат»

Сурет бойынша
ойыншық атауларын
айтады.

**Байланыстырып
сөйлеу.**

Суреттерге қарап әңгіме
құрастырады. «Менің
сүйікті ойыншығым...»
сөзін ары қарай
жалғастырып өз
ойыншықтары туралы
әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:
Әр ойыншықтарға
сипаттама беру және

			<p>оларды ойыншықтар арасынан табуды біледі, дыбыстарды дұрыс айту дагдысын үйренеді, ойыншықтарды , ұқыпты, күтіп ұстау керектігін біледі.</p>	
<p>Баламен жеке жұмыс: Ойыншықтар дүкені Міндеті:Ағаштан, шыныдан, пластамассадан жасалатын ойыншықтар жайлы әнгіме құрау Шарты:Сүйікті ойыншықтары туралы әнгімелей</p>		<p>Баламен жеке жұмыс: Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әнгіме құрау) Міндеті :Үй жануарларының дене мушелерін атауға, ажыратуға үрету. Ойын шарты: үй жануарларына байланысты суреттер алғып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын көлтіріп, (мөмө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атаяу. Мысалы, боташым, құлыншағым.т.</p>	<p>Баламен жеке жұмыс:«Әтеш пен Тоты» ертегісі (Ұлғі бойынша мазмұнын айту) Міндеті: Баланы тез ойлануга және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үрету. шарты: Ұшатын заттарды тез анықтап, екі колоң жоғары көтеру керек. Мысалы: Ұшты, ұшты – карға ұшты! Ұшты, ұшты – қалам ұшты! Ұшты, ұшты – кітап ұшты! Ұшты, ұшты – сауықсан ұшты! Ұшты, ұшты – торғай ұшты! Балалар ойын шартын мұқият тыңдал алады. Қолдарын бір көтеріп, бір көтермейді</p>	

Коммуникативтік дагдыларды дамыту дагдысы бойынша қазак тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру үйімі: МКҚК №8 «Болашак» бөбекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».

Тәүелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Тұган жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

Жоспардың құрылу кезеңі: 2-апта, 07-11 қазан 2024 жыл

Тексерген менгеруші:

Левченко И.Г.

Дүйсенбі 07.10.2024 ж	Сейсенбі 08.10.2024 ж	Сәрсенбі 09.10.2024 ж	Бейенбі 10.10.2024 ж	Жұма 11.10.2024 ж
<p>Уақыты: ортаңғы тобы Колғап ертегісі Мақсаты: Сөз тіркестерін және сөйлемдер құрауга, сұраптарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ыргағын келтіріп айтуды үйрету. Тілдік дамытушы орта. Жұмбақ жасыру: Бес балаға бір бешпент, Бірге киіп, бір шешпек. -Балалар, колғап бізге не үшін керек? -Колғап нешеу болады? -Колғап қандай болады? Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Колғап» ертегісі Ертеде бір атай құшігімен орманға келе жатсы, қолына киетін колғабының біреуін түсіріп алыпты.Оны көрген тышқан қолғаптың ішіне кіріп</p>			<p>Уақыты: ересек тобы «Күзгі жапырактар» Мақсаты: Әр алуан сұраптар бойынша әнгімелету. Сөздік корын молайту, диалогті сөйлеуге төсөлдіру. Күзгі жапырактарға ауызша сипаттама беруге үйрету. Тілдік дамытушы орта. Суреттерге қарап сипаттама жасайды. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. К.Шанғытбаевтың «Күзгі жапырактар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуда үйрету; сұраптарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік корларын дамыту;</p>	

алып: «Мен енді осында тұрамын»-депті.
Одан кейін бақа секіріп келіп: «Мына қолғапта қайсысын тұрасың?», -депті.
Тышқан: «Мен шиқылдауық тышқанмын, Ал сен кімсің?», -деп сұрапты.
Бақа: «Мен бақылдауық бақамын мені кіргізші?», -депті.
Тышқан: «Кел», -депті.
Сейтіп, олар қолғаптын ішінде екеу болыпты. Міне, Қоянда жүгіріп келіп, қолғапка жақындал: «Мына қолғапта қайсысын тұрсың?», -депті.
Тышан, бақа: «Шиқылдауық тышқанмын, бақылдауық бақамын. Ал сен қайсы жануарсың?», -деп сұрапты.
Қоян: «Мен желаяк Қоянмын. Мені де кіргізіндерші?», -депті.
Олар: «Кел», -депті.
Сейтіп олар үшеу болыпты.
Одан кейін тұлқі келіп: «Мына қолғапта қайсысын тұрасың?», -депті.
Олар:
«Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяк Қоянмын. Ал сен өзің қай жануарсың?», -депті.
Тұлқі: «Мен әпкелерінмін. Кіргізіндерші мені де», -депті.
Олар: «Жарайды, кел», -депті.
Сейтіп, қасқырда келіпті:

«Жапырактардын түсі канлай?» түстердің казакша атауларын дұрыс айтуды үйренеді.
Тілдің грамматикалық құрылымы.
«Кай ағаштын жапырағы?» сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі.
Байланыстырып сөйлеу. Суреттерге қарап әнгіме құрайды.
Күтілетін нәтиже:
Күзгі жапырактар туралы (түсі, пішіні, түрі, көлемі) ауызша айта алады. Суретін салады. Қажетті түске бояйды (Сурет салу)

«Мына қолғапта кайсын
тұрасын?»-депті.

Олар: «Шиқылдауык
Тышқанмын,бакылдауык
Бакамын,желаяқ Қоянмын,
мен Түлкімін. Ал сен езін кай
жануарсын?»- депті.

Каскыр: «Ал мен каскыр
агаларымын,кіргізідерші
мені де», -депті.

Сейтіп қолғапка бесеуі де
сыйып кетінті. «Хрю-хро-
хрю», -дей қабан жүгіріп келінті:
Мына қолғапта кайсынын
тұрасын?», -депті.

Олар: «Шиқылдауык
Тышқанмын,бакылдауык
Бакамын,желаяқ Қоянмын,
мен Түлкімі, ал мен
Каскырмын.

Ал сен езін кай жануарсын?»-
депті.

Қабан: «Мен Қабамын, мені
декігізідерші», -депті.

Олар: Сен мұнда қалай кіресін,-
дейді.

Қабан: «Мен кіре аламын,
жіберсендер», -депті.

Олар: «Жарайды ,кіре гой»-
депті. Сейтіп олар алтау
болынты. Қолғаптың іші тар
болынты. Сейтіп отырғанда Аю
келіп: «Мына қолғапта кайсың
тұрасың?»-депті.

Олар: «Шиқылдауык
Тышқанмын,бакылдауык
Бакамын,желаяқ Қоянмын,

мен Тұлкімін, ал мен
Қасқырмын,
Мен кабанмын. Ал сен өзің кай
жануарсың?- депті.
Аю: «Қалай көпсіндер, мені де
кіргізіндерші?»-депті.
Олар: Қалай кіргіземіз, өзі іші
тар боп тұрса?»
Аю: «Қалай болса да
сыйамыз?»-депті.
Олар: «Жарайды, кел жанымызы-
ға».
Сөйтіп аюда сыйып жетеу
болыпты. Қолғаптың іші
тар, міне жарылайындең
тұрғандай. Бір кезде ата өзінің
колғабының жоқ екенін байқап
қалады. Сөйтіп қайта кері
карай жүгіреді, ал иті болса алға
карай жүгіріп кетеді. Жүгіріп
келе жатып, қолғапты
көреді. Қолғап козғалып
жатыр. Ит сонда: «әуп-әуп-
әуп», -деп үреді. Қолғап ішіндегі
жануарлар корқып, барлығы
жан-жаққа қашып кетеді. Атай
өз колғабын көріп алыш кетті.
Сөздік кор.
Сөздік жұмыс: қолғап.
Костілділік компонент:
Қолғап-варежки.
Тілдің грамматикалық
құрылымы. Сергіту
жаттығуы:
Оң колымда бес саусак,
Сол колымда бес саусак.
Косып едім, екеуін,

<p>Болады екен он саусак Байланыстырып сөйлеу. Сахналau: «Колап» ертегісін сахналайды.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ертегі кейілкерлерін атап, олардын кимыл-эрекеттерін, сөздерін келтіре алады.</p>			
<p>Баламен жеке жұмыс: «Колап» украин халық ертегісін сахналau Міндепі: Сөйлеу мәнерлері мен сөйлемді дұрыс күрау дәғдыштарын дамыту. Шарты: Он-солды ажыратып, колгаптың сынарын табады</p>	<p>Баламен жеке жұмыс: Жаз, күз (Сурет бойынша әнгіме күрау) Міндепі: Жаз және күз мезгілдеріның айырмашылыктарын әнгімелеге үйрету. Сөздік корды заттар тобын білдіретін жапылаушы сөздермен (ойыншыктар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардын орналаскан жерін (сол, он, катар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардын атауларын білдіретін және магынасы карама- карсы антоним сөздермен байыту. Шарты Жыл мезгілдерін ажырату</p>	<p>Баламен жеке жұмыс: «Айлакер тұлкі» орыс халық ертегісін сахналau Міндепі: Ертегі мазмұнын түсіндіру. театрландырылған әрекеттің баска да жұмыс турлерін(саусак, үстел үсті, көленкелі және тағы баска) менгерту Шарты: Ертегіні әнгімелеге</p>	

Коммуникативтік дағдыларды дамыту датының бойынша қазақ тілі үйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру үйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бобекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентеева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».

Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта, 14-18 казан 2024 жыл

Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Отанды сую - отбасынан басталады!»

Тексерген менгеруші:



Левченко И.Г.

Дүйсенбі 14.10.2024 ж	Сейсенбі 15.10.2024 ж	Сәрсенбі 16.10.2024 ж	Бейенбі 17.10.2024 ж.	Жұма 18.10.2024 ж
<p>Уақыты: ортанғы тобы «Жемістер мен жидектер» Максаты: казак тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету Тілдік дамытуши орта. Көкөністер мен жеміс-жидектер -Күз мезгілі екенін біз қайдан білеміз? -Қандай жеміс – жидектерді білесіндер? -Алманың түсі қандай болады? -Пішіні қандай?</p>			<p>Уақыты: ересек тобы Мениң досым Максаты: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегендеге қолдана білуді дамыту. Тілдік дамытуши орта. Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Дос қандай болу керек?» жағдаяттық сұраптарға жауап береді Сөздік қор. «Менің досымның қасиеттері» достық жақсы қасиеттер</p>	

<p>болады?</p> <p>-Пішіні қандай?</p> <p>-Құлпынайдың көлемі қандай?</p> <p>-Бүгін аналарына жеміс-жидек сыйлагыларын келе ме?</p> <p>-Сендердін алдарында әдемі жеміс-жидек салуға арналған тәрелкелер және жана гана бактан әкелінген жеміс-жидектер түр.</p> <p>-Ендеше, балалар, біз сол жеміс- жидектерді тәрелкеге орналастырайық. Мұкият қарап алындар, тәрелкеге жеміс – жидектерді бірінен кейін бірін әдемілеп жапсырамыз</p> <p>Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жемістер мен жидектерді ажыратады».</p> <p>Мақсаты: балаларға жемістер мен жидектерді қайда өсетінін, оларды ажыратады білуге баулу. Саусак моторикасын дамыту.</p> <p>Сөздік кор.</p> <p>Сөздік жұмыс: жеміс-жидектер.</p>		
--	--	--

ұғымдары арқылы сөздік кор молаяды.

Тілдің грамматикалық күрылымы.

Достық көмек.

Мақсаты: Жазуды көзben қадағалай отырып, қаламды немесе карындашты дұрыс, еркін үстап, үстінен катты қысып күш түсірмей, саусактармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан онға кимылдарды орындаپ, сзыктарды үзбей салу **Байланыстырып сөйлеу.**

«Менің досым...» әр бала өз досы туралы әнгімелеп береді.

Күтілетін нәтиже: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады

<p>Билингвальді компонент: жемістер- фрукты, жидек- яода.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. жидек атауларын дұрыс айтуға үйрету: құлпынай, юулдірген, каракат, т.б. Жеміс атауларын дұрыс айтуға үйрету: алма, алмұрт, өрік, шие, т.б.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Кім білгір?»</p> <p>Шарты: Тәктада көрсетілген жиdehyтерді себетке, жемістерді корапка салу керек.</p> <p>Күтілетін нәтиже: жемістер мен жиdehyтер туралы біледі, оларды ажыратса алады, қазак тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.</p>				
<p>Баламен жеке жұмыс: «Не дәмді?» ертегісі Міндепті: Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту. Шарты: баланың көзі жұмылады. Коржынға салынған көгөністер мен жемістер қолдарына алып, оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек. Ойында тапкан</p>		<p>Баламен жеке жұмыс: Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрай) Міндепті :Үй жануарларының дене мүшелерін атауга, ажыратуға үйрету.</p> <p>Ойын шарты: үй жануарларына байланысты суреттер</p>	<p>Баламен жеке жұмыс: «Досым – менің мактанышым» Міндепті; Сөйлемдердегісөздерді: затесімдерді сан есімдермен және сын есімдерді затесімдермену йлестіrebілуді жетілдіру</p> <p>Ойын шарты: Балалар бір-біріне гүл ұсыну</p>	

<p>жемісімізді немесе көгөністі сипап сезу арқылы жылдам баяндап беру керек екенін айту.</p>		<p>алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мәмә-мә, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, кулыншағым т.т.</p>	<p>арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерді айтады. - Елжан, сен менің мейірімді досымсын. - Жайна, сен ақылды қызысың. Ойын осылай жалғаса беред</p>	
--	--	--	---	--

Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

Білім беру үйімі: МҚҚК №8 «Болашақ» бобекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».

Жоспардың құрылу кезеңі: 4-апта, 21–25 казан 2024 жыл

Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Отаным - алтын бесігім!»

Проверено: АБ

Дүйсенбі 21.10.2024 ж	Сейсенбі 22.10.2024 ж	Сәрсенбі 23.10.2024 ж	Бейенбі 24.10.2024 ж.	Жұма 25.10.2024 ж
<p>Уақыты: ортанғы тобы «Ойнайық та ойлайық» Максаты: Менгерген сөздерді аузыекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Тілдік дамытушы орта. «Ертегілер елінде» Балалардан қандай ертегілер билетінін, ертегілердің кайдан қарауға болатынын сұрау. диалог түрінде сөйлеуге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Әлем ертегілері» балаларға кітаптардан ертегілерді таныстыру, сөйлейтін электронды кітаптар арқылы ертегі тыңдауды үйреті. (Сөйлеуді дамыту) Кейіпкерлердің киімдерін киіп ертегілерді сахналай.</p>			<p>Уақыты: ересек тобы ТУ - Қазақстан Республикасының туы Максаты: Ту жайында әңгімелейді; Қолдарына қарындашты дұрыстап ұстатады;</p> <p>Тілдік дамытушы орта. Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік туы ресми түрде 1992 жылы қабылданды. Оның авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтан үшқан қыран бейнеленген тік бұрышты қөгілдір түсті мата. Гудын сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі</p>	

Сөздік қор.

«Казак ертегілері»

Балаларға қазак халық
ертегілерін оқып беру.

Мультфілімін көру. (ер
төстік, алпамыс батыр, жыл
басына таласкан
хайуанаттар, алдар көсе,
канбак шал және т.б.)

**Тілдің грамматикалық
құрылымы.**

ғ, р, з, дыбыстарын естүі
бойынша ажыратуға және
анық айтуға

тіл ұстарту жаттығулары

Fa – ға – ға,

Шомыламыз суға

Fай – ғай – ғай,

Жарқылдайды наизағай

Үз – үз – үз,

Жаңбырлы Құз

Raқ – рак – рак, Саулайды
жапырақ

Байланыстырып сөйлеу.

**Педагог жетекшілігімен
ойын:** «Кідірме»

Максаты: Қойылған
сұрақтарға дұрыс, толық
жауап беру.

Барысы: Балалар шенбер
құрып тұрады. Тәрбиеші
ортада тұрып, кез-келген
балаға допты лақтырады.
Допты қағып алған балаға
сұрақ қойылады.

алтын түстес болып
келеді. Топ жұм Көкте
желбіреген байрағымыз
туралы Шәкен ага
журналистердің
«Мемлекеттік Тудын
авторы болдының деген
хабарды естігенде,
қандай сезімде
болдыны?» деген
сұрағына «Ең алдымен,
Парламент бекіткен
Тудың осы үлгісі
халқымызға ұнай ма
екен, халқымыздың
таңдауына, талғамына
сәйкес келе ме екен
деген қобалжу сезімі
басым болды. Бойымды
бір түрлі коркыныш
сезімі билегендей күй
кештім», - деп жауап
берген еді

**Сөйлеудің дыбыстық
мәдениеті.**

Кәне, балалар,
кітапшаларыңдағы туды
көрсетіндерші. Қалай
ойлайсыңдар, туымызда
сұңқар бейнеленген бе,
әлде қыран ба? Өте
жақсы, «қыран»
бейнеленген. Ендеше
қыранға белгі
көйніздар. Боялмаған
туды қандай түстермен

<p>Күтілетін нәтиже: Балалар ұйымдастырылған іс-әрекет барысында менгерген сездерін колдана отырып, бір-бірімен ауызекі тілде еркін сейлеседі.</p>		<p>бояймыз? Көнеки керек қарындаштарды тандап ала койындар. Сосын бірдей етіп бояндар. Сөздік кор. Мемлекеттік туымыздың белгілері бойынша түсіндіріледі Тілдін грамматикалық күрылымы. «Менін туым» Шыны бөтелке сыртына қыран күс пен күнді бейнелейді де, шыныга көк түсті су құяды, сол кезде көк туымыз шығады Байланыстырып сөйлеу. «Көк тудын желбірегені» әнін тыңдайды, мемлекеттік рәміздерге байланысты байланыстырып сөйлейді. «Ту бізге не үшін керек?» Күтілетін нәтиже: Туды біледі; - Қарындаштарды дұрыс ұстайды; - Тапсырманы орындаиды; - Түстерді ажыратады; - Әңгімені тындал, ой қосады.</p>	
<p>Баламен жеке жұмыс: «Мынау не?» Міндеті</p>		<p>Баламен жеке жұмыс: «Түсі бойынша қос». Міндеті:</p>	<p>Баламен жеке жұмыс: «Төлдерін тап»</p>

<p>Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ересектермен әнгімелесу кезінде берілген сұраптарды тыңдау және түсіне білуге үйрету, ойын арқылы сөздік корын байыту.</p> <p>Шарты: Тұрлі суреттегі ойыншықтардың суретін, оның ішінде аюды көрсетіп: – Мынау не? – Бұл – аю. Бұл – жұмсақ пұліштен жасалған үлкен аю. Пұліш – жұмсақ мата. Өзі тап-таза, мойнында қызыл таспасы бар. Ал мынау – кішкентай аюдың баласы қонжық.</p>		<p>Түстерді ажыратада білуге үйрету</p> <p>Шарты: Суреттегі заттарды түсі бойынша сызықпен қосу. Балалар суреттегі заттарды түсімен ажыратып, бір түспен боялған заттарды сызықпен қосады.</p>	<p>Міндеті: Суреттер бойынша әнгіме құрауға, мазмұндауға сұраптарға жауап беруге, үй жануарларының төлдерін жекеше, көпше түрде атауға үйрету.</p> <p>Шарты: Балалар суреттен үй жануарларын көрсете отырып, олардың төлдерін тауып, сызықпен қосады</p>	
---	--	---	--	--

Коммуникативтік дагдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МҚҚК №8 «Болашақ» бобекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».

Жоспардың құрылу кезеңі: 5-апта, 28 қазан - 01 қараша 2024 жыл

Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Отаным - алтын бесігім!»

Тексерген менгеруші:

Левченко И.Г.

Дүйсенбі 28.10.2024 жыл	Сейсенбі 29.10.2024 жыл	Сәрсенбі 30.10.2024 жыл	Бейсенбі 31.10.2024 жыл	Жұма 01.11.2024 жыл
<p>Уақыты: ортанғы тобы Елтаңба Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыру елтаңба, ту, гимн туралы түсінік қалыптастыру. Тұған ел, Отан туралы білімдерін кенеңтү.</p> <p>Тілдік дамытушы орта. - Балалар, мемлекеттік рәміздер халқының рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. - Біздер, тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дидактикалық ойын «Бұл</p>			<p>Уақыты: ересек тобы ЕЛТАҢБА Мақсаты: Елтаңба жайында ақпарат береді; Құрылымдары жайында айтады; Авторларымен таныстырады.</p> <p>Тілдік дамытушы орта. Рәміздерге: Елтаңба, Ту, Гимн жатады. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқының арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлеміне қалықтатып тұр. Соның ішінде Елтаңбаға токталамыз. Топтық жұмыс Елтаңба — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Рәміздік тұргыдан Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбаның негізі — шаңырақ. Ол — елтаңбаның жүргегі. Шаңырақ — мемлекеттің тұп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — Күн шенбері. Айналған Күн шенберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі</p>	

не?». Суреттен не көріп тұрсындар?

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Республикасының рәміздерімен танысады:
елтаңба, ту, гимн туралы түсінік калыптастырыды.

Тұған ел, Отан туралы білімдерін кеңейтті. - -

Кітапшадағы бос орынға Елтанбаны немесе авторымен бірге үйде жабыстырады

Байланыстырып сөйлеу.

«Елтаңба еліме не үшін керек?» сұрағына жан-жакты жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Елтанбаның рәміз екенін біледі.

көшпелі түркілер үшін үйдін, ошактын, отбасының бейнесі. Тұндік — таза көк аспаның бейнелейді. Үш-санды айқыш-үйкыш келген күлдіреуіштер казактын үш жүздін бірлігі бекемдігін көрсетеді.

Шанырактан шықкан уыктар күн арайларын еске салады. Бес бұрышты жұлдыз елтанбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Тұлпар — дала дүлділі, еразаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, женіске деген жасымас жігердің, қажымас кайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған күлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық киялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жаксылыққа құштарлықтың кейпі.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Төменде таспа белдігінде ірі әріппен «ҚАЗАҚСТАН» деген жазуы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтанбасының авторлары — Жандарбек Мәлібеков пен Шота Үәлиханов.

Сөздік қор.

			<p>Жандарбек Мәлібекұлы 1942 жылғы 24 наурызда , Қызылорда облысы, Екпінді ауылында дүниеге келген — сәулетші, Казакстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, Еуразия ұлттық университетінің профессоры, «Барыс» орденінің иегері. Шот-Аман (Шота) Ыдырысұлы Уәлиханов 1932 жылғы 26 сәуірде Көкшетау өңіріндегі Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында дүниеге келген</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Авторларымен суреттер арқылы танысты; - Кітапшадағы бос орынға Елтаңбаны немесе авторларымен бірге үйде жабыстырады</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. «Елтаңба еліме не үшін керек?» сұрағына жан-жакты жауап береді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Елтаңбаның маңызын және не үшін керек екенін біледі; - Құрылымын ажыратады; - Авторларын таниды.</p>	
<p>Баламен жұмыс: Сөйлем түрлерімен таныстыру —Хабарлы сөйлемге мысал келтіріндер. – Сөйлем</p>		<p>Баламен жұмыс: "Тұған өлкем " тақырыбында әнгімелесу. Суреттер бойынша әнгімесұхбат жүргізу.</p>	<p>Баламен жұмыс: Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына</p>	

сонына не қойылады?
Сөйлемнің екінші түрі –
лепті сөйлем. Адамның түрлі
көңіл күйін – куану, ренжу,
өкіну, тандану т.б. білдіреді.
Мысалы: Жасай бер,
Қазақстан! Желбіре, желбіре,
көк туым! Лепті сөйлем
ерекше сезіммен айтылады.
Ал енді сендер мысал
келтіріңдер. Үшінші
сөйлемнің түрін сұраулы
сөйлем дейміз. Сұраулы
сөйлемдер бір нәрсені сұрап
білуді білдіреді. Сонынан
сұрак белгісі қойылады.
Мысалы: Сен Астанаға
бардың ба? Рәміздерді
білесін бе? Ал енді сендер
сұраулы сөйлемге мысал
келтіріңдер

байланысты құрастырылған
сөйлемдердің тыныс белгілерін
кою.